

**Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2010 жылы тіркеуге алуды жүргізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 04 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 14 қаңтарда N 5-19-112 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шемонаиха ауданы әкімінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі N 1-1205 хаты)

**Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шемонаиха ауданы әкімінің 2011.04.15 N 1-1205 хаты).**

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 17-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33-бабы 1-тармағы 13)-тармақшасына сәйкес, Шемонаиха ауданының әкімі **ШЕШТІ** :

1. Тұрғылықты мекен-жайы бойынша Шемонаиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркеуге алуы жүргізілсін және ұйымдастырылсын.

2. Тіркеуге алуды жүргізу кестесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Шемонаиха ауданының медициналық бірлестіктері» КМҚК директорына (Т.М. Абайделдінов, келісім бойынша):

1) медициналық комиссияны білікті маман-дәрігерлермен, орта дәрігерлік мамандармен, қажетті жабдықтармен, құрал-саймандармен және дәрі-дәрмектермен жасақтау;

2) әскерге шақырушыларды клиникалық тексеру және емдеу үшін ауданның медициналық мекемелерінде қажетті төсек-орын санының бөлінуін қамтамасыз ету;

3) тіркеуге алу аяқталғаннан кейін әскерге шақырылғанға дейінгілерді емдеу үшін маман-дәрігерлерді тағайындау;

4) 2010 жылы тіркеуге алынатын азаматтарды емдеу және медициналық куәландыруды өткізетін емдеу мекемесінің базасын анықтау ұсынылсын.

4. Ауданның қала, кенттер, ауылдық округтерінің әкімдеріне, білім беру ұйымдары басшыларына, әскери-есеп үстелінің мамандары мен оқу орындарының әскери басшыларының алып баруымен жасөспірімдердің тіркеуге алу комиссиясына уақытында келуі мен күні туралы хабарлау қамтамасыз етілсін.

5. «Шығыс Қазақстан облысы Ішкі істер департаментінің Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімі» ММ бастығына (Қ.Т. Синиязов, келісім бойынша) медициналық комиссия жұмысы кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтау қамтамасыз етілсін, қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының хабарландыруы бойынша тіркеуден бас тартқан азаматтарды іздестіру және қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақыру учаскесіне жеткізуге көмек көрсетілсін.

6. Шемонаиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығына (М.Д. Чурбанов, келісім бойынша), Шемонаиха ауданының білім беру бөлімі бастығының міндетін атқарушы (Е.С. Голва), тіркеуге алу кезеңінде әскери-оқу орындарына кандидаттарды іріктеуді жүргізу ұсынылсын.

7. Аудандық қаржы бөліміне (Н.Р. Крузмягина) жасалған шарттардың негізінде және 2010 жылға арналған аудан бюджетімен анықталған бөлінген қаржы шегінде тіркеуге алу, медициналық комиссия жұмысын, техникалық қызметкерлерге және қызмет көрсететін персоналға еңбекақыны қаржыландыру қамтамасыз етілсін.

8. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары Т.Д. Колтуноваға жүктелсін.

9. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Шемонаиха ауданының әкімі* *Г. Ермолаев*  
 Шемонаиха ауданы әкімінің  
 2009 жылғы 25 желтоқсандағы  
 № 04 шешіміне қосымша

**Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын жылы 17 жасқа толатын, ер азаматтарды 2010 жылы тіркеуге алуды жүргізу КЕСТЕСІ**

№ р/с	Ауыл/кент округтері, оқу атаулары	барлығы	26.01	27.01	28.01	29.01	30.01	02.02	03.02	04.02
1	Вавилон	25	25							

2	Волчанка	19	19							
3	Зевакино	16	6	10						
4	Каменевка	19		19						
5	Октябрьский	14		14						
6	Выдриха	13		7	6					
7	Верх-Уба	12			12					
8	Усть-Таловка	55			32	23				
9	Разин	17				17				
10	Первомайский	36				10	26			
11	Шемонаиха қ.	143					24	50	50	19
	Барлығы:	369	50	50	50	50	50	50	50	19

**кестенің жалғасы:**

№ р/ с	Ауыл/кент округтері, оқу орын. атаулары	бар л ы ғ ы	05.02	11.02	18.02	25.02	04.03	11.03	18.03	25.03
1	Вавилон	25								
2	Волчанка	19	ке							
3	Зевакино	16		л						
4	Каменевка	19			меу					
5	Октябрьский	14								
6	Выдриха	13				ку				
7	Верх-Уба	12					ә			
8	Усть-Таловка	55						лан		
9	Разин	17							ды	
10	Первомайский	36								ру
11	Шемонаиха қ.	143								
	Барлығы:	369								

*Шемонаиха ауданының қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімінің бастығы М. Чурбанов*